

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу  
Бағдарламасы негізінде  
2022-2023 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** МКҚК б/б «Еркежан»

**Топ:** Ересектер «Арай» тобы

**Балалардың жасы:** 4 жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі:** Қазан айы 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
<b>Қазан</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. <b>Тепе-теңдікті сақтау.</b> Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. <b>Қимылды ойындар.</b> Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. <b>Сөздік қор.</b> Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p>
	<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан, санау</b> 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?»</p>

	сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.
<b>Құрастыру</b>	<p><b>Құрылыс материалдарынан құрастыру.</b>  Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p><b>Қағаздан құрастыру.</b>  «Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.</p>
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p><b>Заттық әлем.</b>  Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.  Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b>  Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.</p> <p><b>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.</b>  Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпіркосақ, боран және т.б.) кеңейту.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p><b>Сурет салу:</b>  Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p><b>Заттық мүсіндеу:</b>  Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.  Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p><b>Заттық жапсыру:</b>  Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.</p>
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау.</b>  Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p><b>Ән айту.</b>  Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету</p>

		<p><b>Музыкалық-ырғақты қимылдар.</b>  Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру  Музыкалық қабілеттерін жетілдіру  Балалар музыкалық аспаптарында ойнау  Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану</p> <p><b>Билер.</b>  Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету,  Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру  Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.  Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p>
	<p><b>Қазақ тілі</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p><b>Сөздік қоры.</b>  Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың, жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың, адамның дене мүшелерін.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  Жай сөйлем құруға үйрету.</p>